



Алақандай жер үшін алапат соғыс



**Дүниежүзінің қазіргі саяси картасында түйінді мәселелер жетіп артылады.
Солардың ішінде аумақтық және шекаралық көліспеушілікке байланысты
халықаралық дау-шарлар асқынған жағдайда.**

Оның себебі әр түрлі. Көбінесе кезінде шекараны отаршылдар, болмаса, жеңуші елдер зорлықпен белгілеп, соның салдарынан олардағы этникалық жағынан біртекті халықтар тұратын аумақтар бөлшектеніп қалған. Сол секілді Канада, Австралия, сондай-ақ Африка секілді елдердің шекарасы жасанды геометриялық және астрономиялық тұзу сызықтар мен географиялық координаттар арқылы ойша жүргізіле салынған. Осындағы аумақтар шекара дауының басты себептері. Бұл орайда мәдени-ұлттық аумақтар мен табиғи ерекшеліктері ескерілмеген.

Дәл қазір осындағы аймақ – Таулы Қарабақта жағдай күрт шиеленісіп, қарсылас тараптар арасында кескілескен шайқас жүріп жатқаны белгілі. Баку мен Ереван қарулы жанжалға бір-бірін айыптауда.

Негізінен Таулы Қарабақ аймағында армяндар көп қоныстанған. Олар 1991 жылды Әзіrbайжан құрамынан шығатыны туралы мәлімдегендегеннен кейін, оның соны қарулы жанжалға ұласты, салдарынан 30 мыңға жуық адам мерт болды. Халықаралық бітімгерлердің қатысуымен 1994 жылды Армения мен Әзіrbайжан арасында атысты тоқтату туралы келісім жасалды. Соған қарамастан, даулы аймақпен шектесетін сызық бойында әзіrbайжан мен армян әскерлері арасында оқта-текте қарулы атыс болып келсе, биыл ол қайтадан қанды соғысқа ұласты.

Жалпы, Кавказ аймағындағы шекара КСРО мен Түркия арасындағы 1921 жылғы Мәскеу мен Карс келісімі негізінде белгіленген. Бұған армян мен түрік соғысы себеп болған-ды.

Армения Демократиялық Республикасы Антанта мен талқандалған Осман империясы арасындағы бейбіт келісім бойынша ұлken армян мемлекетін құру үшін жоспарланған жерлерді, оның ішінде Трабзон, Эрзурум мен Van қалаларын басып алмақ болған. Ол кезде Кіші Азияның қақпасы саналатын Карс қаласы 1877-1878 жылғы соғыстың нәтижесінде Ресей империясының қол астына қарап, кейін Армения құрамына енген. 1920 жылды 30 мыңдақ армян әскері Олту қаласын басып алады. Мұстафа Кемал Ататүрк имериалистерге қарсы қүресте Кеңестік Ресейдің көмегіне сүйеніп, Лениннен саяси колдау тапқан. 1920 жылды РСФСР үкіметі Түркияға 6 мың винтовка, 5 миллионнан аса оқ, 6 келі құйма алтын сыйлайды. 1921 жылды РСФСР мен Түркия арасындағы достық пен бауырмалдық қатынас бойынша большевиктер кемалистерге 10 миллион алтын рубль, 33 мыңдан аса винтовка, 58 миллион оқ-дәрі, 327 пулемет, 54 артеллериялық қару, 129 мың снаряд, 1500 қылыш, 20 мың противогаз және басқа да қару-жарақ береді. Осы қарудың арқасында түріктер гректер мен армяндарды талқандап, жеңіске жетеді. Генерал Киязым Карабекирдің басшылығымен түріктер Сарықамыс, Ардаған, Карс қалаларын басып алады. Талқандалған армян әскері Түркияның қойған талабын орындауға мәжбүр болып, Карс қаласын Түркияға басыбүтін беруге және әскерін 1500 адамнан асырмаяға мәжбүр болады. Қарабақ пен Нахичевань уақытша түрік мандатына өтеді. Ал 1923 жылды Түркия Республикасы құрылады.

Сол уақытта Әзіrbайжанның Арменияға қарай Қызыл Армия кіріп, Армян Кеңестік Республикасын құруға кіріседі. Мәскеу мен Анкаралың келісімі бойынша КСРО мен Түркияның шекарасы белгіленеді.

Лениннің көзі кеткен соң Сталиннің Түркияға деген саясаты күрт өзгереді. «Қайдағы Түркия? Онда екі миллион грузин, бір жарым миллион армян, бір миллион курді тұрады. Түріктер бар-жоғы 6-7 миллион» деген Сталиннің 1940 жылды айтқан сөзі хатқа түсken. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Түркия бейтарап саясат ұстап, Германия, АҚШ пен Ұлыбританиямен экономикалық ынтымақтастықта болып, кредиттік көмек пен қару-жарақ алып отырды. Соғыс біткенге дейін бейтарап саясат ұстанған Түркия тек 1945 жылды ақпан айындаған антифашистік коалицияға кірген.

1945 жылды КСРО билігі Түркияға 1914 жылға дейін Ресейге қараған аумақты Кеңес Одағына қайтаруды талап етеді. Сөйтіп, ол аумақты Армения мен Грузияның құрамына

қоспақ болады. Түркия бұған қарсы шығып, АҚШ пен Англиядан көмек сұрайды. Алпауыт елдер КСРО-ға қарсылық нотасын жібереді. КСРО оларға: «Кеңестік Арменияда бар-жоғы бір миллион армян тұрады, бір миллионы шекараның сыртында жур» дегенді айтып сұлтауратып, еңбекшілер атынан Түркияның 26 000 шаршы шақырым жерін (оның 25 500 шаршы шақырымын Арменияға) Кавказ Республикаларына қайтару туралы қарап қабылдайды. Осылайша он шақты шет мемлекеттен 400 мынданы армянды Кеңестік Арменияға оралту жоспары жасалып, КСРО мен Түркия арасында ақпараттық қызу соғыс басталып кетеді. Нәтижесінде 50 мын армян шет елдерден кеңестік Арменияға оралады. Түріктер «Карстан айырылу – Анадолыдан айырылу деген сөз. Карс – біздің кеңірдегіміз» деп тас-түйін қарсы шығады. Бұл мәселе Батыста да қызу талқыға түсіп, АҚШ президенті Трумэн Түркияға 150 миллион долларлық әскери көмек береді. Түркия осылайша қырги-қабақ соғыс кезінде Батыстың біржола одақтасы болып орнығады. Кейін НАТО-ның мүшелігіне өтеді. АҚШ-тың әскери базалары орналастырылады.

Ал енді халықаралық мәселелер жөніндегі мамандардың тұжырымдауынша, планетамызыда — аумақтық, шекаралық, т.б. дау-жанжалдар ошағы саналатын шамамен 300-дей пункт бар деп есептелінеді. Ал оның 100-ден астамында аса күрделі шиеленіскең түрдегі қарама-қайшылықтар бар.

Аумақтық және шекаралық даулардың себебінен Иран мен Ирак (1980–1988 жж.) арасында сегіз жылға созылған қантөгіс соғыс туындалады. Үндістан мен Пәкістан арасындағы 1947 жылдан бері жалғасып келе жатқан Кашмир дауының нәтижесінде – осы екі ел қазір де ядролық қақтығыс қаупінде тұр. Екі ел арасындағы осы жанжалдан тұтанған соғыста 15000 адам, ал бір ғана Кашмир аймағының өзінен 10000 адам өлім құшқан.

1990 жылдардың ортасында дүниежүзі бойынша 50-ге жуық соғыс әрекеттері тіркеліпті. Бүгінде өлемнің 40 елінде қарулы қақтығыстар әлі жалғасуда, ал дүниежүзі бойынша отыз миллионнан астам босқындар ресми түрде тіркелген. Әлемнің саяси картасында даулы аймақтарды Ресей – Украина, Ресей – АҚШ, Ресей – Еуроодак, Ресей мен халықаралық қауымдастық арасын ушықтырған Қырым түбегі толықтырды.

Өзбекстан мен Қырғызстан шекарасы бойындағы Могол атырабындағы даулы аймақ та шиеленістің қызу ошағы болып келеді. Әскерилердің арасында әлденеше рет атыс болып, кісі өлімдері тіркелді.

Жер даулаушы алып елдердің бірі – Қытай. Қытай Жапониямен алақандай аралға таласып келеді. Қытайдың Ресеймен, Монголиямен де белгілі дәрежеде жер таласы бар. Сондай-ақ Қытайдың Индонезия мен Филиппин арасындағы аралдарға да байланысты жер дауы бар. Вьетнаммен арадағы жер дауы барған сайын өршіп барады. Қысық көз көршіміздің Үндістан мен Тибет автономиялы окургіне шекаралас жерлерде және Кашмир өлкесіне қарасты шекара да дауы бар.

КСРО құлаганнан кейін Қытаймен арадағы жер дауын шешу Қазақстанның мойнына артылғаны белгілі. 1994 жылы сәуір айында Елбасы Н.Назарбаев пен Қытай Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Ли Пен мемлекеттік шекара туралы қазақ-қытай келісіміне қол қойған. Бұл келісім бойынша екі жақ арадағы ұзындығы 1700 шақырымға созылған шекараның 95 пайызына келіскең. Дегенмен Қазақстанның шығыс және оңтүстік шығыс шекара сыйығының 5 пайызы таласты (спорный) жер болып қалды (яғни Шығыс Қазақстан облысы бойынша 370 шаршы шақырым және Талдықорған облысы бойынша 630 шаршы шақырым жер). 1999 жылы Қазақстан мен Қырғызстан Қытаймен арағы шекара проблемасын дипломатиялық нормаларға сай то-лық шешіп алды. Аждана елмен арада араздық тұмас үшін қазақ елі санынан ет кесіп бергендей болды. Ал Ресей 1999 жылы өзінің шығыс бөлігіндегі талас тудырып келген аралдарды Қытайға беруге келісті. 2005 жылы орыс елі Қытайға Уссурийск пен Тарабаров аралдарын «сыйлап» жіберді. Дегенмен Қытайдың бірқатар қоғамдық үйымдары Ресейдің шығыс бөлігіндегі жарты

миллион шақырым жерді даулауга өздеріндегі ел билігін әлі күнге итермелеп отырғанын айтқан жөн.

«Әл-Қаида» мен өзге де террористік ұйымдар шоғырланған Пәкістан мен Ауғанстанның арасындағы шекара да қызу нүктенің бірі. Ауғанстан Пәкістанмен арадағы 1500 мильге созылатын Дюранд сыйығын мойындалмай, Пәкістанның солтүстік-батысындағы пуштун терриорияларын және Хайбер-Пахтухва провинциясының бір бөлігін өзінікі деп меншіктенуден дәмелі.

Оңтүстік Шығыс Азиядағы тағы бір қауіпті аймақ – Камбоджа мен Тайландтың шекарасы. ЮНЕСКО-ның қорғауына алынған Пра Вихеа ғибадатханасына қатысты даулы аймақ небәрі 1.8 шаршы шақырымды құраса да, бір ғасырдан астам уақытқа созылған дауда талай адамның өмірі қиылдып, босқынға айналды. Әлемдегі ең қауіпті аймақтың бірі – қос корей мемлекеті арасындағы 38-параллель сыйық. 1953 жылы екі ел 38-параллельден әскерін алып кетіп, соғысты тоқтатуға келіскең, бірақ бейбіт келісімге бәрібір қол қойылмады. Корей соғысы аяқталғалы алпыс жылдай өтсе де екі ел дәл қазір қауіпті соғыс жағдайында тұр. Солтүстік Корея өзіне қауіп төнген жағдайда ядролық қару қолдануға даяр.

Осылайша жер бетіндегі саяси шиеленіс те, асқынған дау-шар да, алапат соғыс та алақандай жер үшін болып жатқанын аңғарамыз.

Тереғали Тәшенов